



№ 17 (1527)  
6 мамыр  
2014 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

## БАСТЫ МАҚСАТ - САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

5 мамырда өткен ректорат мәжілісінде 2013-2014 оқу жылының жазғы емтихан сессиясына дайындық туралы Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының м.а. Асқар Хикметовтің баяндамасы қаралды. Биылғы жазғы сессия 5-26 мамыр аралығында өтетіндігі, өткен жылмен салыстырмалы түрде қарағанда студенттердің үлгерімі жақсарып келетіндігі айтылды. Директор сессияда барынша әділ бағалауды қадағалауды, студенттердің ишаралқа қолдануына жол бермеу керектігін ескертті. Оқытушылар тарапынан да ешбір заңсыз әрекеттер орын алмауын жіті бақылауды айтып өтті.

Екінші күн тәртібі бойынша қаралған мәселе ол – оқытушы-профессорлар құрамының, кафедралар мен факультеттердің индикативті көрсеткіштерінің жобасы болды. Бұл туралы ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев хабарлама жасады. Бірінші проректор индикативті көрсеткіштер жобасындағы жаңа өзгерістер мен енгізулерге толығырақ тоқталды. Ондағы кейбір көрсеткіштердің алынып, жаңасының қосылғанын айтты. Шетелдік оқытушылардың ҚазҰУ-ға келіп дәріс оқу уақыты 2 апта емес, алдағы уақытта 1 семестрге шақыру керектігін, ал университет оқытушылары ағылшын тілін меңгеруді әлі де жетілдіруді үдете түсу жолдарын қарастыруды баса айтты. М. Бүркітбаев ҚазҰУ-дың индикативті жоспарындағы әрбір бөлімінің тиісті тұстарына кеңінен сараптама жасады. Мысалы, оқу-әдістемелік жұмыс бөлімі бойынша шетелдік студенттердің, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуға жастардың келуін арттыруды қолға алу керек деді. Баяндама барысында жұмыс берушілерге арналған семинар-тренинг өткізу, оларға арнайы сертификаттар табыстауды болашақта қолға алынатынын хабардар етті. Бұл ұсыныс өз ерекшелігімен қатар ректорат мәжілісіне қатысушыларды да қызықтырды.

Білім беру ордасында қашанда сапаға үлкен мән берілетіні белгілі. Атқарылған жұмыс пен нәтиже салыстырмалы түрде алынып, ҚазҰУ қызметкерлері үнемі жақсарту жолында қызмет етіп келеді. Осы орайда оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) сынақ тестілеуінің нәтижелері туралы тестілеу бөлімінің басшысы Айгүл Байнәсерованың арнайы дайындалған ақпары мәжіліске қатысушыларға ұсынылды. А. Байнәсерованың айтуынша, 2795 студент сынаққа тапсырыс беріп, оны 90 %-ы қатысқан. Екі студент ең жоғары балл жинаса, университеттің абсолютті үлгерімі 96%-ды құраған. Төрт факультет (заң факультеті, физика-техникалық факультет, экономика және бизнес жоғары мектебі мен механика-математика факультеті) абсолютті үлгерімі жоғары деп танылған. 11 мамандық 100 балдан жоғары көрсеткішке ие екен. Сынақ тестілеуі қазақ және орыс топтарына бірдей жүргізілгені және келесі сынақ осы жылдың қараша айында өтетіні айтылды.

Еңлік АҚЖІГТ



## ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

## ЖАСТАР ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ

Сәуірдің 29-30-жұлдыздарында университетте Бас прокуратура Институтымен Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және ЕҚЫҰ Орталығының қолдауымен ұйымдастырылған «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-әрекеттердегі жастардың ролі» атты халықаралық форум өтті.



Форумға Алматы қаласының прокуроры Б. Н. Асыллов, Қазақстанның Бас мүфтиі Е.М. Маямеров, ҚР Дін істері агенттігі төрағасының орынбасары Ф.Н. Шойкин, ҚР Бас Прокуратурасының ресми өкілі Н.М. Сүйіндіков және жоғары оқу орындарының ректорлары, ғалымдар, теологтар, халықаралық және отандық сарапшылар, қоғам қайраткерлері, Алматыдағы жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

Форум мақсаты экстремизм мен терроризмге қарсы іс-әрекеттер бойынша жастар саясатын талқылап, жастар арасында діни радикализмнің өсуінің себептерін анықтап, соған қарсы жүйелі шаралар қолдану жолдарын талқыға салу.

«Біздің жастарымызды экстремизмнен қорғау жолдарын іздеп отырмыз. Бұл қоғам алдында тұрған міндет. Жастарға өз ойымызды жеткізіп, ұлттық құндылықтарымызды тек діни тұрғыдан емес, білімді, сауатты бола отырып та қорғап қалуға болатынын айтып отырмыз. Бүгінде 4,5 млн. жастарымыз бар.

Олар неше түрлі ағымдар жетегінде кетіп жатыр. Мемлекет тарапынан «дінтану негіздері» пәні енгізіліп, оқу-құралдарын жетілдіру, оқытушылар біліктілігін арттыру жұмыстарын жасап жатырмыз. Өткен жылы 1 700 мың адам қамтылып, кездесулер ұйымдастырылды», - деді Дін істері агенттігінің төраға орынбасары Ф.Н. Шойкин.

Бірігіп жасалған шараға арнайы келген Бас мүфти өз сөзінде тақырып бүгін басталған дүние емес, әрдайым осы тақырыпта уағыз-насихат жұмыстарын жүргізіліп келетіндігін, ағымдар туралы толық ақпарат беріліп, жастардың қалыпты дамуына айқын жол көрсетіліп келетіндігін жеткізді.

Форум барысында мемлекеттік органдарының басшылары, дін өкілдері сөз сөйлеп, сарапшылардың қатысуымен көптеген мәселе талқыланып, жастар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берілді.

Еңлік АҚЖІГТ

### БҮГІНГІ САНДА:

АЛҒАШҚЫ "ENDAWMENT"  
МҰРАЖАЙ  
ҚОРЫНА ТҮСТІ



2-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

ҰЖЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІ  
ҚАЛЫПТАСҚАН КАФЕДРА



5-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

АҚЖОЛТАЙ-АРМАН  
АЗ ҒАНА ҒҰМЫР



7-бет

## МЕДИАЦИЯ – ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

*Адамзат дамуының қай кезеңін алмайық кез келген қоғамда адамдар арасында даулар туындап жатады, ал осы дауларды шешудің тиімді жолын іздеу қай уақыттың болмасын өзекті мәселесі. Бұл жолдың ең тиімдісі бізге ата-бабаларымыздан берілгені – бітімгершілікке келу, яғни медиация.*

ҚР Медиация туралы заңына сәйкес, медиацияның түсінігі келесідей – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Дауды шешудің бұл түрі бізге жат емес. Себебі, ежелден қазақ қоғамында билер институты әрекет еткен болатын. Бүгінгі билер институтының орнын басқан институт – медиация. Медиацияның қоғамда алатын орны мен беделі, дауды шешудегі тиімділігін анықтау бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Осы орайда заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының ұйымдастыруымен жақында «Азаматтық-құқық дауларды сотқа дейінгі медиация жолымен шешу мәселелері (теория және тәжірибе)» атты ғылыми конференция өткен болатын. З.ғ.д., профессор, азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі С.Т. Тыныбеков, з.ғ.к., доцент Т.М. Абайдельдинов, з.ғ.д., профессор С.Ж. Сүлейменова, «Медиация және дауларды альтернативтік шешу орталығы» жеке мекемесінің кәсіби

медиаторы, жаттықтырушы медиатор, отставкадағы судья – Шарифбаева Халбуви Садыққызы қонақта болып, конференция барысында болашақ заңгерлермен медиацияның дауды шешуде алатын орны мен маңыздылығы, институт ретінде қоғамдағы беделі жайлы пікір алмасты, теория мен тәжірибе арасындағы айырмашылықтар мен екеуін ұштастыру жолдарын, медиатордың құқықтық жағдайы мен тұлғаның медиатор болу үшін арнайы білімінен бөлек ие болу керек қасиеттерін атап көрсетіп, ақыл-кеңестерімен бөлісті. Студенттер өз кезегінде дайындап келген баяндамаларын ортаға салып, өзара пікір алмасты, өз тараптарынан медиацияны дамыту, медиатордың беделін, медиация саласындағы заңнаманы жетілдіру, тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар айтты. Өткізілген конференцияның тәрбиеленіп келе жатқан болашақ заңгерлерге берері көп болды.

**С.К. АТАХАНОВА,**  
з.ғ.к., профессор м.а.  
азаматтық құқық және  
азаматтық іс жүргізу,  
еңбек құқығы кафедрасы

## АЛҒАШҚЫ «ENDOWMENT» МҰРАЖАЙ ҚОРЫНА ТҮСТІ



Иран елшілігінің Қазақстан Республикасындағы Мәдени орталығы тарапынан ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің мұражай қорына 29 дана экспонат табыс етілді. Бұл сыйлықтар университетіміздің 80 жылдығына орай шығыстану факультетінде ашылатын «Шығыс» мұражайына берілді.

Иран елінің тарихын, мәдениетін көрсететін экспонаттар ИИР-дың ҚР-дағы мәдени өкілділігінің басшысы Асқар Сабери мырза тарапынан шығыстану факультетінің деканы Баян Жұбатоваға табысталды. Мұндай сыйлықтар факультетіміз бен мәдени орталық арасындағы ынтымақтастықты арттыру мақсатында, осыған дейін де Иран жоғары оқу орындарына «грант» ретінде табысталды, соның ішінде ирантану бөлімінің 3 оқытушысына докторантураға грант беріліп, олар бүгінде Иранда докторантурада білім алуда. Ирандықтардың тарапынан бұл жасалған сый-сияпаттар екі елдік ынтымақтастықтарды жақсартудың алғашқы қадамдары болып саналады.

Иран Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы Мәдени өкілділігі тарапынан факультет кітапханасына жүздеген кітаптар, оқу материалдары берілген. Мұндай игі шаралар әлі де жалғасын табады деген ойдамыз. ИИР-дың Мәдени өкілділігіне алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

**Еңлік ҚАСАБЕКОВА,**

арабтану және ирантану кафедрасының оқытушысы

## ЖАҢА ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебі менеджмент және маркетинг кафедрасында Жобалық менеджерлерді дайындау орталығы ашылды. Орталық директоры менеджмент және маркетинг кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.д., профессор Мұхтарова Қарлығаш Сапарқызы. Орталық міндеті қазақстандық қоғамда жобалық менеджмент саласында құзыретті, креативті тұлғаларды, коммуникативті мамандардың біліктілігін дамытуды қалыптастыруға көмектесу.

Орталық жобалық менеджерлерді

дайындауда келесі қызмет түрлерін іске асырады:

- жобаларды басқаруды дамытуда басым бағыттар бойынша бірлескен ғылыми және инновациялық жобаларды құру және іске асыру, соның ішінде халықаралық стандарттар аясында жобалық менеджерлерді дайындау;

- жобаларды басқару саласында инновациялық бағыттар шегінде студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар бизнес-құрылым қызметкерлеріне, білім қызметкерлеріне, мемлекеттік қызметкерлерге тренингтер жүргізу;

- жоғары оқу орындарының ОПК-ларына арналған ғылыми-әдістемелік семинарлар жүргізу.

Орталықта «Project Management Institute Registered Consultant Program» (PMI\*RPC) халықаралық ұйымының сертификаттарын иеленген менеджмент және маркетинг кафедрасының оқытушылары, сонымен қатар арнайы шақырылған маман-іскерлер дәріс өткізеді. Курс аяқталған соң сертификаттар тапсырылады.

Оқу-тренингтік семинарлар бойынша қосымша ақпаратты Жақсығұлова Гүлзира Кенжеғұлқызына, +7 727 337-33-37 (ішкі 1248), 701 718-92-39 телефондарына қоңырау шалу және gulzira-kz@mail.ru. электронды поштасына хабарласу арқылы біле аласыздар.

**ЕжБЖМ Жобалық менеджерлерді дайындау орталығы**

## В ЗНАК СОЛИДАРНОСТИ

*В настоящее время и вся Украина, и наши коллеги-журналисты из Института журналистики Киевского национального университета имени Тараса Шевченко переживают очень сложный исторический момент.*

С коллективом данного учебного заведения нас связывают общие проекты, направленные на усовершенствование медийного образования. Например, создание казахско-украинского образовательного Консорциума по журналистике, с участием польских и хорватских коллег, намеченное на 2016-2017 учебный год. Несколько слов об этом образовательном консорциуме. Полагается, что Консорциум получит финансирование со стороны европейской программы академического обмена Erasmus. Дело в том, что уже в 2004 году вузы Европы стали объединяться в так называемые консорциумы, чтобы способствовать обмену студентов. А с 2006 года возможность присоединиться к таким объединениям появилась и у восточноевропейских университетов. Цель программы - развивать сотрудничество между вузами Европы и стран, не входящих в ЕС. Речь идет, в первую очередь, о том, чтобы у студентов и выпускников из неевропейских стран была возможность учиться, заниматься научной деятельностью или преподавать в Европе.

На практике сотрудничество университетов выглядит следующим образом: вузы стран ЕС и стран, не входящих в Евросоюз, объединяются и совместно подают заявку на финансирование академических обменов и проведение научных

проектов. Если Еврокомиссия утверждает такой консорциум, то он получает финансирование на 3-4 года. Координатором всего проекта выступает один из европейских вузов-участников объединения. В свою очередь, студенты, аспиранты и преподаватели вузов, заключивших партнерство, могут подавать заявки на участие в программах обмена. Продолжительность таких программ - от 1 месяца до 3 лет. На период всего пребывания в Европе участники программы Erasmus Mundus получают стипендии. Их размер каждый консорциум определяет сам, но в любом случае этих денег хватает на жизнь.

Также в планах и создание казахско-украинско-польского научного журнала по проблемам медиа на английском языке, с рейтингом. В настоящее время данное издание проходит стадию регистрации в юридических инстанциях. Выпуск номеров журнала каждая страна финансирует по очередности.

Поддерживая цивилизационный выбор украинцев в пользу демократии, свободы, уважения к личности, выражаю надежду, что в Украине в скором времени воцарится гражданский мир и покой для блага всех жителей этой прекрасной страны.

**Жетписбай БЕКБОЛАТУЛЫ,**  
и.о. профессора факультета журналистики

# ЖАСТАР ЖАНҚИЯРЛЫҚ ТАНЫТҚАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ (1941-1945 ЖЖ.)

*XX ғасырдағы ең сұрапыл Ұлы Отан соғысы осыдан 69 жыл бұрын аяқталды. 1945 жылы мамыр айының 8-і күні фашизмнің жеңілгені ресми түрде жарияланды, 9 мамыр жеңіс күні болып белгіленді. 4 жыл бойы күн-түн демей тоқтаусыз жүрген бұл соғыс Кеңес Одағының жеңісімен бітті. Бұрынғы Кеңес Одағының халықтары үшін ол Ұлы Отан соғысы болды, өйткені Армия ғана емес, сонымен бірге бүкіл халық Отан қорғауға көтерілді. Фашизмді талқандауға үлес қосып, қолдарына қару ұстап, бел шеше күреске шыққан ұрпақтың бірі - ол Қазақстан жастары еді.*

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен Қазақстанда мыңдаған жас жігіт пен қыздар әскери еріктілер ретінде майданға жіберу үшін комиссариаттарға өтініш берді. Алматы қалалық жастар ұйымдарының мүшелері Н. Саламатов, Т. Әзімбаев, Б. Мырзақұлов, Ө. Орынбеков қаланың Фрунзе (сол кездегі атымен) аудандық әскери комиссариатына өз өтініштерін майданға аттандыруды сұрап жазды. Соғыс басталған соң екінші күні осы аудан бойынша ер азаматтар ғана емес, майданға сұранған жастар ұйымының мүшелері - 112 қыздан өтініш түсті. Олардың да тілегі сол - майданға жетіп, фашистерден кек алу еді. Қыздардың майданға алу туралы жазған өтініштері мыңдап саналды. Тек бір ғана Қарағанды облысының әскери комиссариатына он мыңға жуық қыз өтініш жазды. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша соғыстың алғашқы бір жылы ішінде майданға сұранған 755 қыздың 597-і батысқа жөнелтілді. Осылай майданға жөнелтіліп, соғыс барысында ерлік үлгісін көрсеткен қайсар қазақ қыздарының арасынан Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және т.б. апаларымыздың есімдері ерекше аталады.

1941-1942 жылдардың өзінде Қазақстанның басшылық органдары мен жастар ұйымдары жергілікті әскери комиссариатпен біріге отырып, 239335 атқыштар, 40 мың басқа әскери мамандығы бар жауынгерлерді дайындады. Олардың ішінде жастар ұйымдары дайындаған 84 мың жастар ұйымдарының мүшесі әскери мамандықты игерді. Олардың ішінде 10973-і танк жойғыштар, 10738-і пулеметшілер, 13101-і мергендер, 9958-і қол пулеметшілер, 8201-і автоматшылар, 7813-і минометшілер, 4830-і танкке қарсы ататын қарудың мамандары, 1358-і қопарғыш саперлер, 6123-і кіші командирлер болды.

Соғыстың алғашқы кезеңінде Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында тау ішінде соғысуға бейімделген 11503 атқыш жауынгерлер дайындалды. Жастар одағы мен ұйымдары қатарында тәрбиеленген 242 мың жігіт пен қыздар майданға Қазақстаннан аттанды, бұл республика жастар одағы мүшелерінің 70 пайызы еді.

Батыс Еуропада оңай жеңіске жеткен гитлершіл жендеттердің алғашқы желігін Кеңес Армиясының Отан сақшылары-ақ басқан еді. Брест қамалын қорғаушылардың қатарында 1941 жылы 22 маусымда қазақ халқының жастары көп еді. Нақтылы айтқанда, Брест әскери гарнизонда қазақстандық солдаттар мен командирлер екі мыңнан астам болатын. Бұлардың көбі ерлікпен қаза тапты. Қамалдың іргесіндегі бұл арпалыс айқасқа Ш.Сүлейменов, Ғ.Жұматов, Т.Сатыбалдин, К.Иманқұлов, М.Ниязов, И.Камалов, К.Турдиев, А.Сүпиев, В.Фурсов, Ш.Шұлтыров сияқты жерлестеріміз ерен ерлікпен қатысты. Қазақстандық құрамалардың жауынгерлік жолы 1941 жылғы қаһарлы шақта Мәскеу түбінен басталып, 1945 жылы көктемде Берлинде аяқталды. Олар Ленинградты қорғады, Сталинградтың түбінде, Курск иінінде шайқасты, Украинаны, Белоруссияны, Молдованы, Балтық елдерін азат етті, Еуропа халықтарын да фашистік езгіден құтқарды.

1942 жылғы тамыз айынан 1943 жылғы ақпанның 10-на дейінгі уақыттың ішінде Кеңес үкіметі Сталинградты қорғаған батырларды, 7656 жастар ұйымының мүшелерін Кеңес Одағының ордендері және медальдарымен марапаттады. Олардың қатарында Қазақстаннан барған жастар М.Асылғожиев, Қ.Сыпатаев, Н.Әбдіров, Х.Доспанова, Т.Мырзаев, А.Ауғанбаев, Д.Әлімбаев,



Д.Қәлімбетов, М.Балмағамбетов, Р.Бейсенов, К.Омаров, Н.Ахметов, А.Құрбанбаев, К.Қыдыралин, М.Ерғалиев, С.Тішебаев сияқты мыңдаған жастар болды. Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған Н.Әбдіров небары 24 жаста еді.

Курск түбіндегі шайқаста 73-гвардиялық дивизия Қазақстанның даңқын артыра түсті. Осы шайқаста ержүрек ерлігі мен батырлығы үшін дивизияның 1040 гвардияшысы үкімет марапаттауларына ие болды. Қазақстанның 4 қаһарман ұлына, ішінде 23 жасар капитан Ілиясовқа Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Днепр үшін шайқаста Қазақстандық сержант Сәлім Айтқұлов, Украинаны азат етудегі шайқаста 19 жасар А.Үсенов, жастар ұйымының мүшелері Ә.Досмұхамбетов, Ж.Елеусов, Қ.Ырысбеков, Т.Қауыпбаев, С.Шәкіров және т.б. жанқиярлық ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағына қол жеткізді.

Берлин шабуылына біздің 10 мың жерлесіміз қатысып, олардың 27-сі Кеңес Одағының Батыры болды. Қазақ жауынгері Рақымжан Қошқарбаев алғашқылардың бірі болып Берлинде Жеңіс туын қадады.

Ұлы Отан соғысында 3,5 миллионнан астам жастар орден және медальдармен марапатталды. 7 мыңнан астам БЛКЖО мүшелері Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Оның ішінде Қазақстан Республикасынан 200 мыңнан астам жігіттер мен қыздар жауынгерлік ерліктері үшін КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталса, оның арасында 94 комсомол мүшесіне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

**Болат САЙЛАН,**  
ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

## АРДАГЕР, ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ



Бүгінгі таңда ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінде соғыс ардагері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Уахит Хамзаұлы Шәлекенов еңбек етіп, жас буынға үлкен өнеге, ғылыми бағыт-бағдар беруде.

Уахит Хамзаұлы 1942 жылы тамыз айында кеңестік Қызыл Армия қатарына алынған ардагер Старый Оскол, Новый Оскол, Белгород және Харьков қалаларын жаудан азат етуге қатысты. Ауыр соғысты көріп, қан майданның ыстығы мен суығына шыдап, еліне оралғаннан кейін, ғылым жолына түсті.

У.Х. Шәлекенов 1944 жылы Қарақалпақ педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсті, ол институтты 1948 жылы бітіріп, 1948-1950 жылдары Қарақалпақтық партия обкомында тарихшы болып жұмыс істеді. Ол 1950 жылы КСРО ҒА Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы этнография Институтының күндізгі бөліміне аспирантурасында оқып,

1954-1970 жылдары Өзбекстан ҒА Қарақалпақстан филиалында, 1971-1973 жылдары әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтында қызмет етеді. Осы жылдары жан-жақты жүргізген зерттеулерінің арқасында ғылым кандидаты, кейіннен ғылым докторы, профессор атақтарын иеленді. Ал 1973 жылдан бері ҚазҰУ-де тарих факультетінің деканы, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарып, студенттердің теориялық білімдерін тәжірибемен сәтті ұштастырып келеді.

Уахит Хамзаұлы «көне түрік өкіениеттерін зерттеушісі» ретінде көптеген елдің ғалымдары таниды. Ол факультеттің, университеттің, жалпы археология мен этнология ғылымының дамуына өзіндік үлесін қосқан ғалым.

Бүгінде тарихшы, археолог, этнолог, музейолог мамандарын дайындауда оның еңбегінің үлесі мол екендігі белгілі. Ол 700-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазған. Олардың 40-тан астамы жеке ғылыми кітаптар. Түркілердің өркениетіне қатысты ғалымның «Құм басқан қала», «Түріктердің отырықшы өркениеті», «V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы», «Қазақ өркениеті» және т.б. еңбектерін ерекше атауға болады. Уахит Хамзаұлы Шу ауданындағы ортағасырлық Ақтебе қаласына археологиялық зерттеу жүргізіп, нәтижесінде бұл қала ежелден бері бірнеше мемлекеттердің астанасы болған Баласағұн қаласы екендігін дәлелдеді. Ортағасырлық қаланы ол 40 жылдай бойы жүйелі түрде зерттеп, қомақты қор жинаған. Бүгінде ол қаланың мәдени қабаттарын зерттеу үшін ҚазҰУ студенттері тәжірибе жинақтауға зерттеу базасы ретінде жылда барып, онда археологиялық жәдігерлерді тауып, білімін жетілдіреді.

Ұлағатты ұстаз У.Х. Шәлекенов – қазақ халқының сан салалы, қалың қатпарлы тарихына ғылыми үлес қоса білген тұлға. Ол тарих, археология, этнология, музей ісін дамытып, өркендету жолында көп еңбек етіп, қазақтардың қайталанбас мәдениеті мен өркениетін ғылыми тұрғыда дәйектеді.

**Назия ТАСИЛОВА,**  
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т. ғ. к.

## ҚАЙТАЛАНБАС ТАРИХИ ТҰЛҒА

5 мамырда дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы «Тарихи тұлғалар – тәрбие арқауы» атты ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысы және әлеуметтік қызмет орталығымен бірге «Отан қорғаушылар күні» мен Жеңіс күніне орай «Бауыржан Момышұлы – қайталанбас тарихи тұлға» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Аталған шараны кафедра доценті Н.К. Алпысбаева және Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Г.Е. Абиқенова ұйымдастырып, Б. Момышұлының өмірі мен шығармашылығына тоқтала отырып, Халық қаһарманының жас ұрпақты тәрбиелеуде ерекше орын алатындығын атап өтті. Б. Момышұлының еңбектері студент қауымына таныс екендігін және одан алатын отансүйгіштік, қаһармандық, мейірімділік мәселелері сөз болды.

Отан тарих, археология және этнология, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеттерінің студенттері, магистранттары мен докторанттары қатысты. Тарих факультетінің магистранттары Г. Нұрғожина, Г. Әмірбекова «Бауыржан Момышұлының өмірі жайлы», А. Сарыбаева, Ш. Марат, С. Шайжанова, А. Құттыбаева, Б. Утеев «Бауыржан Момышұлының еңбектері» жайлы баяндама оқыса, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті Т. Серікжан Бауыржан Момышұлының жастарды патриоттыққа шақыратын өлең жолдарынан үзінділер оқып, Н. Әубәкір, М.Ерғалиева Батырдың рухшыл тақырыптағы еңбектерінен үзінділер айтып, ой бөлісті.

**Т.Ә. ТӨЛЕБАЕВ,**  
дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры,  
«Тарихи тұлғалар – тәрбие арқауы» орталығының жетекшісі

## ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 69 ЖЫЛ

Күні кеше механика математика факультетінің ақпараттық жүйелер кафедрасының куратор-эдвайзері Бауыржан Омаров қарттар үйінен Соғыс ардагерлерін шақырып «Жеңіс күні жадымызда сақталады» тақырыбында ардагерлермен кездесу өткізді. Н.Е. Әлсерікова, Б.М. Алтайы және т.б. ұйымдастырушы-студенттер ардагерлерге арнап ҰОС жайлы көріністер қойып, өлеңдер оқыды, ән шықарды.

Ардагерлеріміз 92-94 жастағы қариялар. Бірі - Шербенин Иван Алексеевич. Соғыста неше миллиондаған адам көз алдында қаза тапқандарын, соғыс өте қиын болғанын, Одесса қаласына барып, Кеңес Одағының жеңісін естіп қуанғандарын айтты. Студенттерге «бейбіт өмірдің қадірін түсініп, Отанды сүйіп, жақсы оқып, ел үшін еңбек етіндер» деген тәрбиелік тілегін жеткізді.

Екінші ардагеріміз - Кашеева Валентина Алексеевна. Сталинград соғысында болғанын, окоп қазып, жау әскерлерін күтіп отырған жерлерінен неміс фашистері әуеден шабуыл жасап, Саталинград қаласы қара түтінге боялғандығын айтты. Көзіне жас алып соғыста қаза тапқан майдангерлеріміздің рухына бас иіп 1 минут үнсіздік жариялады. Жастарды батырлыққа, жауапкершілікке, тәртіпке бағынып, үлкенге құрмет, кішіге ізет жасап, тату-тәтті болуға шақырды.

Ақпараттық жүйелер кафедрасының аға адвайзері Аида Қожанова ардагерлерге механика математика факультеті атынан «Алғыс хат» және гүл ұсынды.

**А.Ж. ДҮЙСЕНБАЕВА,**  
механика-математика факультетінің  
1-курс студенті

# Ұстаз мерейі

Ұстаз жолы – ұлы жол. Өйткені, халықтың көкірек көзіне нұр сәулесін құятын, бақыттың бастауы білімде екенін ұрпақ санасына сіңіретін бірден-бір жан сол. Бар бақыттың, байлықтың көзі – оқу, білімде екенін ата-бабамыз тасқа басып айтып кеткен. Қазақ жұрты қашаннан оқу-білімнің қадір-қасиетін жетік түсінгендігін ескіден қалған бабалар өсиеті мен қазақтан шыққан ұлы ғұламаларымыздың сан ғасырлар бойы қалдырған еңбектерінен айқын аңғаруға болады.



Ұстаздық міндетті саналы сезіну, парасат биігінен қарау, шынайы ұғыну – кез келген пенденің қолынан келе бермесі тағы бар. Оның айнасы – шәкірттерінің пірі болып, айналасындағы жастарға үлгі-өнегеге айналуды, сый-құрметке бөлену. Міне, мен кафедрамыздағы ардагер ұстаз Төреғали Қаратайұлының бейнесін көргенде осындай ойда боламын. Сырбаз, салықалы ағаның жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен-ақ парасаттылық көрініп тұрады.

Биыл білімнің қара шаңырағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығы. Ұстаз-ғалымның сүйікті университетімізбен түйдей құрдас болып, қос мерекенің шашуын шашып, ұжымымыз мәре-сәре болуда. Жастайынан білімге құштар, өнерге ғашық, жаны таза, жүрегі жылы, жүзінен мейірім шуағы төгіліп тұратын қарт-ұстаз Төреғали ағамыздың осы уақытқа дейінгі білім берген шәкірттері әлемнің түкпір-түкпірінде жүр. Университеттің шетел азаматтарына арналған дайындық кафедрасында шетелден келген қазақ балалары мен таза шетелдік азаматтар білім алуда. Олар қазақ елінің тілмен, дәстүрімен, салтымен танысып қана қоймайды, тарихына зер салып, сонау ерте заманнан бергі уақыттағы еліміздің басынан өткен ахуалды оқып-біліп, зерделеріне тоқиды. Осы тарихтың терең тамырына бойлайтын, елдігіміздің қыр-сырын ұқтыратын тарихшы ұстаздардың көшін бастап жүрген – профессор Төреғали Қаратайұлы. Өмірінің көбін

оқу-ағарту саласына арнаған, көз майын тауысып, тарихи деректерді зерттеген, шырғауы көп қазақ тарихының ахулына алаңдаған ағаның ұстаздықпен бірге жазған ғылыми еңбектері де бір төбе. Оның қаламынан шыққан оқу құралдары, ғылыми еңбектер мен мақалалар, зерттеулер ұлттық білім қорындағы қажетті, пайдалы еңбектердің қатарынан орын алғалы қашан. Бүгінгі еліміздің жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттер мен шәкірттерге қажетті құралдар болып, ел игілігіне жарап жатыр. Солардың ішінде өзімді құзықтырған кітабы – «Тарихтағы атас тұлғалар» деген еңбек. Шағын ғана кітаптың көтерер жүгі ауқымды, берер мағлұматы зор. Тарихта даулы мәселелер бүгінгі күнде күрмеулі мәселелерге айналып отыр. Тарихтағы белгілі тұлғалардың еткен еңбектері мен ерліктері бір-бірімен шатысып, атас хан-би, батырлардың қым-қиғаш араласып кеткендігінен ұрпақ жаңылысуы әбден мүмкін. Осы мәселені ерте кезден қозғаған Төреғали аға көз майын тауысып, тарихтағы Абылай ханнан бастап, қаншама атас тұлғалардың өмір дерегін, өмір сүрген заманын, еткен еңбегін тарихи тұрғыдан дәлелдеп, ғұлама-ғалымдар еңбегімен салыстыра зерттеп, кімнің-кім екенін түстеп айырып берген. Бұл кез келген адам үшін қажеттілігі сонда – ұлттымыздың тарихын дұрыс білуге, тереңнен зерделеуге, салыстыра оқуға мүмкіндіктер туғызады. Білімді игеруде жаңсақтыққа бой алдырмай, сауатты болу – халықтың рухани өсуін көрсетеді. Өзінің тарихын, тілін, салт-дәстүрін дұрыс білмеген адамды мәдениетті, білімді адам деп айту қиын болар. Ұстаз еңбегі – осы олқылықтың орнын толтырып, ұлттық руханиятымызды еселеуге үлесін тигізуде.

Құран Кәрімде: «Ей, адамдар! Ілім үйреніңдер. Бір нәрсені жақсы ұғып алыңдар! Ілім тек ғұламалардан есту арқылы үйреніледі. Ал, ғұламалардан ілім үйрену тәһажжуд намазын оқығанмен бірдей болады», – делінген екен. Осынша сауапқа ие болған ғұлама-ұстаздың еңбегі өлшеусіз. Қарт ұстаздың саналы ғұмыры ұрпақ санасын сәулелендіруге арналып, әр таңы білім нұрымен арайланған бақытты ғұмыры – біздерге үлгі. Ұлы ұстаздардың ізі қалған университет қабырғасында саусақпен санарлық профессорлардың бірі біздің кафедрамызда жүргені, ол кісінің ғибратқа толы дәрісін тындап, дидарласып жүргеніміздің өзі – біз үшін мәртебе. «Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет» дейді ғой дана халқымыз, жастайынан қиындықты көп көрген, талмай тер төгіп, өмірі ғылым-білім үйренуге арнаған Төреғали аға бүгін сол төккен тер мен еткен еңбектің зейнетін көріп, халқының аялы алақанында мерейлі жасқа жетіп отыр. Құдай қуат берсін, ұзақ ғұмыр берсін, ардақты аға! Қаламыңыз шаршамай, әлі де жазарыңыз мол болып, шәкірттеріңізге ақ батаңызды беріп, ортамызда ұзақ жүре бергейсіз.

**Жанна ӘДІЛХАНОВА,**  
ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тек еліміздің ғана емес, әлемдік жоғары оқу орындары арасында терезесі тең, өзіндік орны бар қасиетті қара шаңырақ. ҚазҰУ ұжымы өзіндік білімі мен ғылымы дамыған, кәсіби деңгейі жоғары, заман талабына сай биік белестерді бағындыру мақсатында көптеген игі іс-шара ұйымдастырып отырған, ел болашағы – жастарға тәрбие мен білім нәріні сусындатып жүрген нағыз өз ісінің мамандары.**

## ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫ ҚАДАМ...

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Сапалы білім мен ғылым арқылы дамыған елге айналуды болады» деп бекер айтпаған. Ал сол елді дамытушы, әрине, біз – білімді жастар. Ал жастарға кемел болашақ сыйлап, маман болып қалыптасуына барынша жағдай жасауға ҚазҰУ ректоры Ф.М. Мұтанұлының да үлесі зор. Кеше ғана бал-бұл жайнап, арман қуып, сол арманның жетегінде «еліме пайдамды тигізер маман боламын» деген сәби жүрекпен келген студент едім. Армандарыма қанат бітірген, ең әуелі оқу ордама және де ұлағатты ұстаздарыма, олардың берген біліміне шексіз ризашылығымды білдіремін. Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген тамаша сөз бар. Білім мен ғылым саласын дамыту мақсатында мен білім алып келе жатқан биология және биотехнология факультетіндегі профессор Сұлтан Төлеуханұлы басшылық ететін биофизика және биомедицина кафедрасы қазірде толайым табыстар мен білім саласында жоғары дәрежеге ие болып жүр. Білім ордасына келген алғашқы күндерден бастап-ақ жүрегімде үлкен үміт сәулесі пайда болып, асқақ армандарға жетелей бастады. Білім нәрімен сусындатқан аяулы оқу ордам мен кәсіби деңгейі жоғары ұлағатты ұстаздарға мың алғыс. Ақ қағаз бен қалам алуыма себеп болған да биология патшалығының ұстаздары мен болашақ ел қорғаны болар студенттер қауымының білім саласында жеткен табыстары мен жаңалықтары. Қазірде «ең үздік кафедра» атанып отырған биофизика және биомедицина кафедрасының ұстаздар қауымы ғылым мен білім саласында көптеген жетістікке жетуде. Биофизика және биомедицина кафедрасының ұстаздары шәкірттеріне саналы түрде білім беріп, олардың болашақта өз ісінің шебер маманы болуы жолында аянбай еңбек етіп, өзінің адами қасиеттерінің арқасында шәкірттерге ғылыми бағыт-бағдар көрсетіп, қол ұшын беріп, көмектесуге әрқашан дайын тұрады. Сұлтан Төлеуханов ғылыми семинарлар кезінде барынша студенттердің білім деңгейлерін бақылап, әр студентке өз деңгейінде тапсырмалар беріп, білім деңгейлерін қадағалап отырады. Ал өз шәкірттерін еңбекпен қуаныш табуға үйрете білген ұстаздың мерейі үстем болады. Сонымен қатар, кафедра ұстаздары жыл сайын бірнеше ғылыми жобаларды іске асыруда. Профессор С.Т. Төлеуханов пен кафедра доценті Н.Т. Аблайханова, аға оқытушы М.С. Кулбаева және кафедра ұстаздары хронобиология, биофизика бағытында ғылыми жоба бойынша жұмыспен айналысуда. Сол себепті де аталған кафедра ұжымы үлгі

тұтуға барынша лайықты деп ойлаймын. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», - демекші, студенттер қауымы да білім, ғылым, өнер, университет, факультет өміріне белсенді қатысып, өз білімдері мен өнерін ұштастыра білетін тамаша көшбасшылар деп айтуға болады. Бұлай айтуымыздың да өзіндік негізі бар. Кафедра түлектері қазірде жоғары маман болып, еліміздің ел болып қалыптасуына үлес қосуда. Бірнеше студенттер өз блімдерін шет елдерде жалғастырып жүр.

Кафедрамызда болып жатқан тамаша жаңалықтардың бірі ақпан айында ҚазҰУ ректоры, академик Ф. Мұтанов, факультет деканы, профессор Т. Шалахметова, биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі, профессор С. Төлеуханов, бимедицина орталығының директоры Э. Калиевтің Оңтүстік Кореяға барған іскерлік кездесуі. Бұл университетіміз бен факультетіміздің көш ілгері дамуына жасалған басты қадам деп айтсақ болады. Себебі, ҚазҰУ қалашығында бой көтерген биомедицина орталығының ашылуы мен оларға тиісті мамандар дайындау басты мақсат. Осы игі іс-шараны жүзеге асыру мақсатында ұстаздарымыз Оңтүстік Кореяның Сеул қаласындағы Сеул ұлттық медицина университетінің Кангнам Северанс медицина орталығында болып, тамаша жоспарлар құрып, сол жоспарды жүзеге асыру мақсатында аянбай еңбек етуде. Алда сол елге студенттерімізді оқуға жіберіп, медициналық құрылғылар тілін меңгеру, олар қазірде қолданып отырған ІТ технология, Хайтек технологиясын үйрену, диагностикалаудағы әдіс-тәсілдерін үйреніп, өз қалашығымыздағы бимедицина орталығына тамаша мамандарды даярлау мақсаты тұр. Осылайша келісімшартқа қол қойылып, биомедицина орталығының жұмысына қол ұшын созып, сол елде бакалавр, магистратура, докторантура бойынша студенттеріміз білім алатын болады. Достық келіссөздің нәтижесінде мамыр айында Сеул ұлттық университеті мен Ён Су университетінің мамандары қалашығымызда бой көтерген биомедицина орталығының жұмысымен танысуға келетін болады. Олай болса, алға қойған мақсаттарымыз орындалғай. Алдағы уақытта да өзім білім нәрімен сусындаған кафедрама сәттілік, толайым табыс, кәсіби шеберліктерін одан әрі дамытып, ел ертеңі болар жастарды тәрбиелеп, биік шыңдардан көріне берсін деп тілеймін!

**Талшын АРТЫҚҚЫЗЫ,**  
биофизика және биомедицина кафедрасының 4-курс студенті

## АЙТАРЫ МОЛ ҰСТАЗ

**Бұл кездесу бұрынғы кездесулерден өзгереді. Университетіміздегі Ақсақалдар алқасының мүшесі, университет түлегі, ақын, профессор Өтеген Күмісбаев мерейтойы қарсаңында тек шығыстану факультетінің емес, заң факультетінің студенттерімен де бас қосып, рухани кездесу өткізді. Кездесу студенттер өміріндегі ұмытылмас шақтың біріне айналды.**

Ұстазымыздың мерейтойын жастық шағымен байланыстыра атауға «Арман алдамайды» атты мақаласы негіз болды.

Мақаланың атында-ақ тұрғандай, қиял мен мақсат жетелеген, биік-биік шыңдарға шығарып, енді бірде құздардан құлататын, бірде күлдіріп, бірде жылататын өмір, әсіресе, әрбір адам өмірінде ұмытылмас жыр болып сақталып қалатын студенттік өмір туралы жазылған. Арман қуып, алты ауыл асып, әсем қала Алматыға оқуға келуі, оқуға қабылданбай қалуы, мақсатыма жетпей үмітімді үзбеймін деген қызу жас жүректегі үміттің жетегімен келесі жылы Киров атындағы білім ордасына түсуі, әдебиетке деген құмарлық, Мәскеуде білімін тереңдетіп келуі-мұның бәрі барлық саналы ғұмырын ғылымға, ұстаз болуға арнаған Өтеген ағайдың профессор бола тұра, қарапайым, жаны

таза, үлгілі педагог болып қалыптасуына «алтын көпір» салған.

Кездесу барысында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтар қойды. Бір сағат ішінде студенттер түрлі көңіл күйде болды деп айтуға болады. Ұлағатты ұстаз өзінің махаббат пен қызыққа толы студенттік жылдарынан сыр шертіп, оқуға деген талпыныс, еңбекқорлық, қиыспеншілік, өкініш, өмірдегі алуан қиындықтарға мойынсұнбау жайлы тәлім етті. Ұстаз жастармен «жастардың тілінде» сөйлесіп, ашық, жарқын мінезмен студенттерді баурап алды. Өтеген Күмісбаев кездесу кешінің соңында жастарға қарата: «Ешқашан ерінбеңдер, бар жақсылыққа, қиындықпен күрестегі жеңіске тек еңбекпен жетесіңдер. Еңбектенуден ерінбеңдер. Өмірдің әрбір минутын,

әрбір сәтін бағалаңдар, оқудан ешқашан жалықпаңдар, Еліміздің бетке ұстар азаматы, абыройлы қыздары мен ұлдары болып өсе берулеріңе тілектеспін», - деді.

Студенттер Өтеген ағайға сыйлық тарту етті, тілектерін жеткізді. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» демекші, студенттердің, кәсіби маман ретінде және рухани дами түсуі мақсатында, өз университетіміздің білімді де білікті түлектерінен үлгі алу мақсатында осындай кездесу кештерін ұйымдастыру әр педагогтың міндеті деп ойлаймыз.

**Қ.Ә. АЙСҰЛТАНОВА,**  
гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасының меңгерушісі;  
**Н.А. ЕШТАЕВА,**  
аға оқытушы

# ҰЖЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСҚАН КАФЕДРА

**Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейлі кезеңінде университеттің әскери кафедрасында той үстіне той. Бұл жылы әскери кафедраның құрылғанына да 80 жыл толса, кафедрадағы кәсіподаққа 20 жыл. Әскери кафедрада кәсіподақтың құрылуы бізге өз мәселелерімізді өзіміз шеше алатын түсінік қалыптастырды. Өз идеяларымыздың жүзеге асуы, ұжымдағы әр мүшенің белсенділігі мен қызметіне қолдау танытуы, бір-біріне деген түсінігі – бізді Жеңіске жетелеп отыр. Әскери кафедраның қызметкерлеріне жағдай жасау барысында әкімшілік пен кәсіподақтың өзара түсіністікте жұмыс жасауы ұжымда қолайлы көңіл күйді қалыптастырып отыр. Адағы Отан қорғаушылар мерекесі және Жеңіс күні қарсаңында әскери кафедра жайлы аздап ой өрбіткенді жөн санадым.**

Мотоатқыш әскерлері циклының оқытушысы, запастағы подполковник Е. Суяндиков: «Әскери кафедра ұжымының оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері университет кәсіподағына мүше. Олар университетте ұйымдастырылып, өткізіліп жатқан әртүрлі іс-шараларға белсенді қатысып келеді. Жұмыс аптасы қалай өтіп кеткенін байқаймай да қаламыз, неге дегенде сабақтан бос кезде кафедра бастығы полковник Е.Х. Ишанов, кәсіподағының төрайымы Э.А. Бейсетбаева тарапынан әр сейсенбі, бейсенбі күндері би билеу, сәрсенбі, жұма күндері хорда ән айту ұйымдастырылады. Бұл шаралар оқу процесіне кедергі келтірмейді. Қандай мерекеде, айтулы күндерде ешбір адам басшылық пен кәсіподақ назарынан тыс қалмайды. Әр мереке біздің ұжымда жоғары дәрежедегі дайындықпен өтеді. Мен және менің әріптестерім осындай ұжым құрамында қызмет атқарып жүргенімізді мақтан тұтамыз», - дейді. Ал кафедраның аға оқытушысы Г.И.

Костюкевич кафедраға берген бағасында «мықты басшы – мықты кәсіподақ!» деген теңеу айтты. «Міне, әскери кафедраның кәсіподағы мен басшылығы арасында бірнеше жылдан бері өзара сыйластық пен сенімді әріптестік қалыптасқан. Еңбек қауіпсіздігі мәселелерін шешу, қауіпсіздік техникасы, қызметкерлерді аттестациялау, ұжым қызметкерлеріне материалдық ынталандыру, жұмыс уақыты мен демалыс барысын тиімді ұйымдастыру, міне, осындай жағдайлардың барлығы еңбек тәртібін нығайтып, оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыруға барынша зор ықпал етеді. Біздің ұжымдағы барлық мәселелер кафедра және кәсіподақ басшылығы тарапынан онтайлы шешіліп отырады», - дейді Г.И. Костюкевич. Бұл пікірлердің барлығы сайып келгенде ҚазҰУ-дағы қалыптасқан ұжымдық мәдениетті айғақтап тұрғандай. Бұл кафедрада сонымен қатар салауатты өмір салтын насихаттау, саламатты ел қалыптастыру істері де жоғары деңгейге қойылған. Бұл кезекте әскери кафедраның



дартс бойынша командасының бас жаттықтырушысы В.А. Шарниннің сөзіне назар аударсақ. «ҚазҰУ-дың әскери кафедрасында «Парасат» кәсіподағының қолдауымен еліміздегі жас спорт түрі – дартс ойыны жақсы дамып келеді. «Парасаттың» қаржылық демеуімен кафедра кәсіби деңгейдегі спорт құралдарымен қамтамасыз етілді. Әскери кафедра қызметкерлерінің жаттығу жұмыстарына және жарысқа қатысулары ұйымдастырылып, табиғатқа шығу жұмыстары бір ізге қойылды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде ҚазҰУ-дың 80 жылдығы мен «Парасаттың» 20

жылдығына арналған 42-ші дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадсында әскери кафедраның командасы 1-орын иеленді. Ұжымда қалыптасқан жоғары көңіл күй үшін ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев пен әскери кафедраның бастығы Ерназар Ишановқа ұжым алғысы зор», - дейді В.А. Шарнин. Бұл кафедра жұмысының бір ғана көрінісі, 80 жасқа келген қарт білім ордасында бүгінде игілікті істер, ұжым мүшелеріне деген зор демеу үлкен маңызға ие.

**Э.А. БЕЙСЕТБАЕВА,**  
әскери кафедра кәсіподағының жетекшісі

## ҰЛЫ ЖЕҢІС

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Осыдан 69 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды.

Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер мен қыздар, бүгінгі өнегелі аталарымыз бен аналарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрамда жауды жеңіп, соғысты жеңіспен аяқтадық!

Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән-мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күні!

“Мен Қазақ қыздарына қайран қалам, Жанары, жаны жаздай жайраңдаған. Қыз өссе - елдің көркі деген сөзді, Қапысыз қалай айтқан, қайран бабам”, - деп ақын Исраил Сапарбайға осындай ғажап өлең жолдарын тудыруға себепкер болған қазақ қызы, шынында керемет қой, шіркін! Еліміздің сондай көркін де, даңқын да сонау Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарының өзінде асырған аяулы жандарымыз аз емес. Солардың бірі әрі бірегейі - “қазақтың қанатты қызы” атанған тұңғыш әскери ұшқышы, Халық Қаһарманы, менің әжем Хиуаз Доспанова. Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы 15 мамырда Ганюшкин ауылында (қазіргі Атырау облысы) дүниеге келген. Әкесі Қайыр – балықшы, анасы Меруерт – мұғалім болып еңбек еткен. Өкінішке орай, әжем қазір жоқ. 2008 жылдың 20 мамырында дүниеден өтті.

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Киров округінің жерінде Шағырлы деген ауыл бар. Ондағы үлкен көпірден шығып, түстікке сәл жүргенде оң қол жақта «Сельнай» деген арал қалады, бұл – Қайырдың кіндік қаны тамған жер. Енді шығысқа жүргенде жол бойымен созыла түсетін қызыл төбе бар, оны «Круглый» деп атайды. Бертінде қойылған аты ғой, дұрысы «Қызыл төбе», одан тағы шығысқа көпірден шыққанда «Қызылмұрын» деген арал бар. «Круглый» төбесінің терістік қапталында Маскар руының Қайыр, Қали, Сымағұл, Жәрдем, Мардан, Құспанғали деген ағайындары алты отбасы қоныстанды. Олардың үйлерінің орнына кейін совхоздың шопандары қыстады. Хиуаз Қайырқызы дәл осы жерде дүниеге келді.

Біздің арғы бабамыз Қисық. Ол

кісінің қалайша «Қисық» болғанын білмеймін. Қисықтан – Мұқамбетқали мен Шеркешбай туған. Шеркешбайдан Доспан. Доспаннан Қайыр, Бисен. Қайырдан (бұл кісі тұрмыстық жағдайына байланысты екі мәрте үйленген) бірінші Меруерт анадан Белмерген, Марат, Алма, Хиуаз екінші әжеміз Әсима анадан Қобыланды мен Тарғын қазірде Ганюшкинде тұрады. Бисеннен Талап атам мен Зинебай маманнан, Жұмажан (менің әжем), Әбдібек, Сапура, Сәкен, Балым туған. Хиуаз әжемді бүкіл қазақ елі мақтан етеді. Әжемнің ерлігінің құрметіне «Мұнайлы астанада» яғни, Атырау қаласында мұз айдыны салынып Хиуаз Доспанованың есімі берілді және де «Эйр Астана» әуе компаниясының Embraer 190 лайнеріне әжемнің есімі тағы да берілді. Әжеме деген осындай үлкен құрметі үшін Елбасына, қазақ халқына рахмет айтамын!

Міне, ата-бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау - әрбір саналы азаматтың, біздердің борышымыз. Қан мен тер арқылы келген бостандық – тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, ешуақытта естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғыстың, оның сұмдықтыарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата – анамыз әрқашан қасымызда болсын деп тілеймін.

**Талап СЫМБАТ,**  
ЭЖБЖМ менеджмент және маркетинг кафедрасының 1-курс студенті

## ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰЛГІ

*География және табиғатты пайдалану факультетінің Картография және геоинформатика кафедрасының 1 курс эдвайзерлері А.К. Утепбаева мен Е.Ж. Жалғасбековтың ұйымдастыруымен тарих ғылымдарының докторы, профессор Ләйла Ахметованың студенттермен кездесу кешіні өткізді. Кездесуде ҰОС батыры И.В. Панфиловтың ерлігі, Мәскеуге таяу шабуыл барысы, 28 панфиловшылар ерлігі сөз болды. Сонымен қатар Л. Ахметованың профессор В.Г. Григорьевпен бірге жазылған «Панфиловцы. 60 лет подвига, ставших легендой» кітабы студенттер назарына ұсынылды.*



Кездесу барысында Л.С. Ахметова өзінің кітабы жайлы мағлұматтар беріп өтті. Өмірде болған және осы кітапқа байланысты өзінің қызықты әңгімелерімен студенттерді өзіне баурап алды. Панфиловшылардың ерлігі жайлы білмейтіндер кемде-кем. Осыған байланысты басқа да ұлт өкілдерінің және кеңес үкіметі жылдарындағы мемлекеттердің Панфиловшыларға деген көзқарасының қандай екенін атап өтті. Студенттер кітапқа байланысты өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, оған жауап алып, біраз мағлұмат жинады. Жиын соңына таман студенттер автордың қолтаңбасы қойылған кітапты оқуға асыға түсті.

Л.С. Ахметова жақында өзінің тағы бір жауынгерлерге арналған «Брест қамалын қорғаушылар» атты кітабының жарық көретінін тілге тиек етті. Бұл кітапта сипатталған қазақ жауынгерлері мен батырларын атап өту барысында 1-курс студенті Санжар Байжігітов өзінің соғысқа қатысқан атасы туралы қосымша мәліметтерге қолы жеткендігін қуана айтты. Бұл туралы Санжар: «Мен атамның Брест қамалын қорғаушылар қатарында болғандығын айттым. Ол кісі атам жайлы мәліметтер бар екенін айтып, мендегі бар мәліметтерді толықтыруға көмектесті. Қысқаша атам жайлы айтып өтейін. Байжігітов Қажыхан Нұрсағатұлы, ШҚО, Үржар ауданы, Үржар ауылында 1921 жылдың 14 ақпанында дүниеге келді. Кішкентай кезінен жетім қалған ол, орыс жаңұясында тәрбиеленді. Мектепті үздік аяқтап, Алматы қаласындағы

Әскери Артиллерия училищесіне түсті. Оны аяқтай салысымен соғыс майданына Брест қамалын қорғауға аттанды. Атам одан басқа да Волхов, Новгород, Старорус, Вильнюс, Рига, Каунас қалаларын жаудан азат етті. Соғысты Кенисберг қаласынан бастап Шығыс Пруссияда аяқтайды. Соғыстан оралғаннан кейін КГБ-да қызмет атқарады. Д.Қонаевтың жеке қауіпсіздік комитетінде бірнеше жыл қызмет етіп, майор шенімен аяқтайды. Атам: «Қызыл жұлдыз» орденімен, «2-дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» атты ордендерімен марапатталған. Брест қамалында орналасқан мемориалды және Смоленск атқыштар дивизиясының 42-ші Суворов және Кутузов орденді даңқ музейінде құрметті тілге суреті ілінген. Атам осындай жауынгерлік даңқын еңбектегі істерімен де жалғастыра білген даңқты адам. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен марапатталған. Алайда, батыр атам туралы білмеген, қол жеткізе алмаған ақпаратты профессор Л.С. Ахметованың көмегімен өз жанұяма жеткіздім. Л.С. Ахметоваға осындай кездесу өткізіп, бізбен сұхбаттасқанына өз атымнан және студенттер атынан үлкен рахмет айтамын!», - дейді. Жиналыстың бір адамға болса да, пайда әкеліп, біраз ақпараттарға қол ұшы жеткені ұйымдастырушылар үшін үлкен олжа болды.

**А.К. УТЕПБАЕВА,**  
картография және геоинформатика кафедрасының аға кураторы

100  
КІТАП

# М.Ю. ЛЕРМОНТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ІШКІ ӘЛЕМІ

**Тынымсыз еңбек етіп, өмірге берерім көп деп, сол берерін асқан шеберлікпен дамылсыз кестедей тігін отырған Лермонтов көзге ұзақты күн бал жинаған еңбек сүйгіш бал арасын елестетеді. Туған елі алдында өз жауаптылығын ардайым сезіну, туған еліне жан-тәнімен адал қызмет ету — міне, данышпан ақынның мақсаты, арманы осы. Осы жолда ол көп үзгеріп, көп еңбек сіңірді.**



жоғарғы топтардан, сол топтар арасынан шыққан жас тұстарынан түңіліп, өткен өмірге — орыс халқының сонау бір алыстап кеткен көне тарихына көз жіберді, ол кездегі орыс адамдары «біздің тұстағы» адамдардан батыр еді, ер еді», — деп айта келіп, соларды жоқтап, өкіне жырлайды. «Бородино» мен «Иван Васильевич патша мен ержүрек көпес Калашников туралы жырында» Лермонтов осы ойларын мадақтап, осы арманын жырға қосады.

Лермонтов шығармалары «Теректің сыны», «Қазақтың бесік жыры», «Ой», «Қанжар», «Демон», «Мңғыри», «Қашқын» тағы басқалар ақындық шеберліктің биік сымбаты, асқар шыңы тәрізді. Бұл шығармалардың бәрі де (тіпті Лермонтов шығармалары тегісімен дерлік) ұлы ақынның өз шығармаларын еркіндік пен ойға, күш пен махаббатқа толы, мінсіз сұлу жырлайтынына ұлы айғақ. Лермонтов шығармаларының негізгі қасиеттері әсемдігі мен тіл байлығында, сезім мен идея биіктігінде, мазмұн кеңдігінде, образдарының ашықтығында жатады.

Лермонтов шығармаларының тақырыбы алуан түрлі, ол өмірді меилінше кең қамтып, терең толғайды, айдауда жүрген кездерінде ұлы ақын қарапайым адамдар өміріне көз жіберіп, олардың ішкі сырларын жүрегімен сезінеді, сондықтан да Лермонтов өлеңдері өзінің тамырларымен халық шындығына байланысып жатады.

Лермонтов өлеңдерінің қайсысын алсаң да ол сол кездегі патшалы Ресейдің ауыр халін, қатал шындығын айтады. 1812 жылғы Отан соғысына арналған «Бородинодан» бастап ақынның талай шығармаларында бекзадалар қауымына, оның шіріген пасық дәстүрлеріне қарсылық, наразылық лебі тынымсыз соғып отырады. Кейде ақын өз тұсындағы

Ақын деген аттың өз заманының адал азаматы, қасиетті ұлы болуымен байланысты екендігі, өз Отанының, өз жұртының жыршысы болуы керек екендігі Лермонтовтың ой, санасынан ешқашан да кеткен емес. Ол сол зор атаққа кір келтірмеуді өзіне бірден бір қағида санаған. Сол жауаптылық сезімінің күші оны көпке дейін өзін «ақынның» деп түсінбеуіне дейін апарғанға ұқсайды. Соның нәтижесінде ол көп өлеңдерін өз атын қоймай жариялап отырған.

Өзінің толып жатқан өлең, поэмаларымен бірге Лермонтов қарасөз де жазған ақын, оның «Біздің заманның геройы» атты романы орыс әдебиетінде үлкен орын алады, сонымен қатар бұл роман орыс әдебиетінде психологиялық романның басы болып есептеледі. «Біздің заманның геройы» — сол кездегі үстем қоғамның жиіркенішті мінездерін әшкере еткен роман. «Роман геройы Печоринның басына сол кездегі өз тұстарымыздың бойындағы бар кемшілігін жинап бердім, бұл образ солардың жиынтық образы» депті Лермонтов тың өзі.

Қазақ еліне Лермонтов аты Пушкинмен қатар революциядан бұрын ұлы ақын Абай арқылы келді. Абай Лермонтовтың көптеген өлеңін аударды. Оның неміс ақыны Гете ізімен жазған тамаша жыры «Қараңғы түнде...» деген атпен Абай аудармасы арқылы бүкіл қазақ еліне әйгілі әнге айналып кетті. Естіген жанның жүрегін бірден-ақ билеп әкететін осы бір шумақты:

“Қараңғы түнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер маужырап” - деген әнді айтпайтын қазақ бар ма! Бұл сөз, бұл жыр

қазақ жүрегіне де қона кететін, қазақ ойына да сап ете қалатын тума жыры, тума әні секілді емес пе!

Октябрь революциясынан кейін әсіресе Пушкин мен Лермонтов шығармалары қазақ тіліне көп аударылды. Отызыншы жылдардың арғы-бергі жақтарында Лермонтов поэмалары мен Лермонтов өлеңдері кітап болып басылды. Ол кездегі аудармалар, толып жатқан кемшіліктеріне қарамастан, негізінен Лермонтов шығармаларын қалың оқушыға дұрыстаныстырып, дұрыс жеткізе білді. Осыған байланысты Лермонтов шығармаларының бірінші аударушысы болған Қасым Тоғыззақов жолдастың еңбегін айта кетпекше болмайды. Қасым аудармасы тап сол кездегі Лермонтов аудармаларының озығы, жақсысы еді. 1953 жылы Лермонтов шығармаларының (өлеңдері) бір томы шықты. Оған көрнекті ақындарымыз Ғали Орманов, Қалижан Бекхожин, Қасым Аманжолов, Тайыр Жароковтармен бірге талантты жас ақындар С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков, І. Мәмбетов тағы басқалар белсене қатысты. Мұнымен қатар сол 1953 жылы «Біздің заманның геройы» қайта аударылып, жеке кітап болып басылды. Терең мағыналы Лермонтов жырларының күшті лебі, әдемі әуезі, жас ұрпақты еңбекке, шеберлікке, Отанына дамылсыз қызмет етуге шақырады.

**А.Ә. ӘЛІБЕК,**

қатты дене физикасы және бейсызық физика кафедрасы доценті м.а., Ph.D.,  
**А.Б. МАНАПБАЕВА,**  
аға оқытушысы

## «УМЕНИ ЕГО СТОЛЕТЬЯ НЕ СОТРУТ...»

Личность и творчество Михаила Юрьевича Лермонтова до сих пор остаются одной из глубочайших загадок не только русской, но и мировой культуры. Ему, по мнению В.Г.Белинского, «суждено было проблеснуть блестящим метеором, оставить после себя длинную струю света и благоухания и исчезнуть во всей красе своей». Юрий Гагарин, взглянув 12 апреля 1961 года лермонтовскими глазами на Землю из безвоздушного пространства: «В небесах торжественно и чудно / Спит Земля в сиянье голубом», поразился тому, как такое можно было написать в XIX веке, и назвал Лермонтова единственным «космическим поэтом»...

Даниил Андреев доказывал, что именно гибель Лермонтова, а не Пушкина, стала великой катастрофой для русской литературы из-за насильственного вмешательства в его космическую миссию. Велимир Хлебников, не менее мистический поэт-оракул XX века, на основе дат рождения и гибели поэта, предсказал два трагических исторических события XX века, назвав их возмездием за убийство Лермонтова...

Лермонтов погиб на пороге зрелости в 26 лет 10 месяцев, в возрасте, когда Пушкин еще не создал «Полтаву», «Медного всадника», не завершил «Евгения Онегина», не написал свою блестящую прозу, у Льва Николаевича Толстого

были только две повести, Иван Сергеевич Тургенев писал романтические стихи и не думал о прозе...

А Михаил Юрьевич Лермонтов уже в 15-16 лет заявил о себе как зрелом мастере. Лермонтов воспринимался чаще как трагический поэт, состоявший с Богом, со всем миром, с людьми и с самим собой в неразрешимом конфликте. Он, по утверждению большинства исследователей, трагический романтик, живший с мечтой о недостижимом идеале, стремившийся к абсолютной свободе, не принимавший реальный мир зла и несправедливости, горя и страданий и, в отличие от других поэтов-гениев русской литературы, так и не смирился. Д.С.Мережковский называл Лермонтова «поэтом сверхчеловечества», а современный исследователь, профессор Московской Духовной Академии М.М. Дунаев утверждает, что его «романтический герой всегда «молится» безбожной молитвой».

Лермонтов, как никто другой, в литературе своего времени владел магией слова, он в любой стих всегда вставлял истинно своё, космическое содержание: «Кто близ небес, тот не сражен земным...». Его лирика (более 400 стихотворений) глубоко субъективна, монологична, тяготеет к самоанализу, исповеди, часто носит дневниковый характер.

Особое место занимает в ней демоническая тема, трагическая и богоборческая, которую часто объясняют существованием внутреннего конфликта демонической природы Лермонтова: «С святыней зло во мне боролось».

Лермонтов в своих стихах часто обращается к Богу, пытается для себя найти ответ на вопрос: кто он — «созданье ада или небес». Поэт творчески пользуется каноном сакрального жанра молитвы для того, чтобы осмыслить свои мучительные отношения с Богом. Лермонтовскую «ангельскую» тему можно начать с одного из ранних стихов - «Ангел»: «По небу полнучи ангел летел / И тихую песню он пел; И месяц, и звёзды, и тучи толпой / Внимали той песне святой».

Одной из загадочных, сложных для восприятия является лермонтовская «Молитва» («В минуту жизни трудную...»), представляющая собой описание единого порыва души и её меняющегося состояния. Такое можно услышать от глубоко верующего или от того, кто пережил откровение. Молитва поражает властью звука, его «благодатной силой», способной воскресить душу. Кажется явная связь звука с «иными» мирами, принадлежность к небесному, «святому»: «И верится, и плачется, // И так легко, легко». В этих стихах и в целом ряде других стихотворений: «Когда волнуется желтеющая нива...», «Молитва», «Она поёт - и звуки тают...», «Есть речи — значенье...» и др. - выражена возможность и реальность духовного возрождения Лермонтова, выхода поэта из тупика богоборческого бунта и трагического одиночества, возможность обретения надежды и веры, любви и гармонии...

**Энкар КАКИЛЬБАЕВА,**

доцент кафедры русской филологии,  
русской и  
мировой литературы

таным екен, қуанарлық жайт.

Шара аясында оқытушысы Айнаш Ілиясқызы М. Шаханов пен Ш. Айтматовтың бірігіп жазған «Плеч охотника над пропастью» еңбегін талқылады. Бұл туынды жандары ұқсас екі адамның диалогы ретінде қарастырылады. Бұндағы басты тақырып, екі адамның жан дүниесіндегі адам өмірі жайлы толғандырылғық жағдайлар, өзге де түрлі мәселелер. Дәл осы сабақтан кейін студенттер осы кітапты оқып бастады. Бұл ненің дәлелі? Бұл — ұстаздың оқушысының ынтыласын оятуы. Яғни, осы тәрізді шаралар ҚазҰУ студенттеріне аuadaй қажет. Осы бір шара аясында көптеген әдеби шығармаларды талқылап, үйренгеніміз көп болды, тәлім-тәрбие алдық. Кітапқа деген махаббатымыз арта түсті.

**Диана СКАТОВА,**

шығыстану факультетінің 1-курс студенті

## «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР...»

Жақында философия және саясаттану факультеті, «Әлеуметтік жұмыс» бөлімінің 1-курс студенттері «100 кітап» жобасы аясында Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабын талқылады. Махаббат тақырыбы жастарды, әсіресе, студент жастарды бей-жай қалдырмайтыны анық. Сондықтан аталған романды топ студенттері ерекше ықыласпен оқып, өз ойларын ортада ашық жеткізе білді. Нұршайық Әбдуәли: «Мені басты кейіпкер Ерболдың қазіргі кезде көп жігіттердің бойында кездесе бермейтін махаббаттағы адалдығы мен шынайылығы сүйсіндірді. Осы кітапты оқи отырып, махаббаттың бар екенін, оның қандай түрде болу керек екендігін ұғынғандаймын», — деп өз пікірін білдірсе, кештің басты ұйымдастырушысы Айжамал Төленбай: «Бұл роман махаббат символы іспеттес және әрқашан өзектілігін жоғалтпайды. Бұл, шынымен де, жастар міндетті түрде оқуы тиіс кітап. Бұл роман жастардың бойына тек жақсы қасиеттерді дарытады деп білемін», — деп ағынан жарылды. Роман кейіпкерлерінің қара шаңырақ ҚазҰУ студенттері болып табылғандығы студенттердің қызығушылықтарын арттыра түскендей. Талқылаудың ерекшелігі — студенттердің роман желісінде кешегі мен бүгінгі студенттердің, олардың өмірлік ұстанымдары мен көзқарастарын, махаббаттың құндылық ретінде сақталуын салыстыра отырып талқылауында болды. Кеш барысында топ студенттері мен Төлеген Сұлтаннның орындауында «Сүйген жүрек» әні орындалды. Өз кезегінде Рақымберген Нұртас романды оқып шыққаннан кейінгі алған әсерінен туындаған, сиясы кеппеген, «Махаббат қызық мол жылдар» атты өзінің жыр шумақтарын ортаға ұсынды. Топ студенттері романды оқығаннан кейінгі әсерлерімен ұзақ бөлісіп, кеш тарасты.

**С.М. БОЛЫСБАЕВА,**

әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының оқытушысы

## АРТЫҚ ҒЫЛЫМ КІТАПТА

Бүгінде кітапқа құмар жандардың саны сиреп бара жатқандығы жасырын емес. Ал «100 кітап» жобасы осы мәселенің алдын алуға үлкен көмегін, септігін тигізгені анық. Осы орайда бізге кәсіби бағытталған орыс тілінен сабақ беретін филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиет кафедрасының оқытушысы Айнаш Ахметжанованың ұйымдастыруымен жоба аясында өткен кеште біз, студенттер, кітап оқу жарысына түскендей болдық.

Дәл осы күні студенттер кітапты адал достары етіп алғандығына куә болдық. Бір студент өлең жаттап келсе, екіншісі бір кітапты толығымен оқып келген. Жастар қолынан кітап көрсек, сүйсіне қалатын біздер үшін дәл осы күні жастардан өзге кітапты көп оқитын жан кездестіру

мүмкін еместей болды. Шара барысында Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме», Теодор Драйзердің «Американдық трагедия» сияқты шығармалары талқыланды. Әлем классиктерінің де еңбектері шетте қалмады, мысалы Гомердің «Илиада», «Одиссея» классикалық поэмалары жайлы да аз айтқылмады. Қазақ поэзиясының асқар шыңы, жақында дүниеден өткен аламыз Фарида Оңғарсынованың көптеген өлеңі жатқа оқылды. Әсіресе, жүрекке жеткені «Жетімнің монологы» болды. Орыс әдебиетін талдау барысында қызу пікірталас болды. Мектеп қабырғасынан бізге таныс Д. Лондон шығармалары да талқыға түсті. «Белый клык», «Морской Волк» сынды романдарды оқымаған студент аз шығар. Біздің топ бұл шығармалармен жақсы

**Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА**

**Халықаралық қатынастар факультетінде белгілі аудармашы  
Энтони Олкоттпен кездесу өтті**



**Шакенова Айжан Мұхтарқызы** - 1995 жылы 18 тамызда Алматы қаласында дүниеге келген. Ол мектеп қабырғасында жүріп «Оқушылар үйінде», «Балалар шығармашылығы үйіндегі» жарыстарда тобымен талай жүлделі орындарға ие болған. «Кеш жарық», «Дудар-ай», «Хабарстар», «Қазақша концерт», т.б. телешоуларда, «Біз сіздермен біргеміз», «Көңілді думан», «Жан мейірімі», «Ән салшы, Роза», т.б. концерттер барысында сахнада өз өнерін көрсеткен. Жалпы ол кішкентай кезінен өте белсенді болып өсті.

Алғаш рет Айжанның шығармасы 2012 жылы «Түркі әлемі» халықаралық газетінде жарық көрген. Содан кейін «Қазақстан мұғалімі», «Мерейлі ұстаз», «Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы», «Білім көкжиегі», т.б. газеттерде жиі жарияланып тұрады. Кішкентай Айжанға шығармашылық жолды таңдау атасы Наурызбай Шакеновтан жұғысты болса керек. Ол өз туған жерінде шағын қоғам арасында танымал болған ақын. Ол дүниеден 45 жасында озып кеткендіктен, немерелеріне атасын көру бұйырмалы. Бірақ, немересі Айжан оның шығармашылығына қызығушылық танытып, ескі газет беттерін, суреттерді әлі күнге дейін сақтап жүр. Атасынан қалған асыл дүниелерін жиі-жиі оқып, өзіне пір тұтады екен. Осылай, ол атасының жолын қуып – шығармашылық, журналистика жолына түседі. Бүгінгі күнде Айжан Шакенова әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде білім алып, үздіктер қатарында көріне жүріп өзінің жаңа қырларын ашуда.

**Көктем**

Жастар шулап, өтті түн,  
Қызарып таудан атты күн.  
Қала көзін енді ашқан,  
Жанға әсерлі қатады үн.

Көңілімде орнайды көктем,  
Жылы лебіз көптен күткен.  
Жұпар иісі шықты гүлдің,  
Бұл көктемде кімді күткен?!

Аппақ таңдай сұлу, көркем,  
Келді көктем, келді көктем.  
Шырқалады бақыт әні,  
Кірді міне жердің сәні.



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

**Әкеме**

Өмірдің түзу жолын сен көрсеттің,  
Саған бақыт биік шыңға жеткенім.  
Адал болғын, ақ ниетті көздеген,  
Деп соғады, әке, сенің жүрегің.

Жан әке, асқар тауым сен менің,  
Өрлігінен қуат алып келемін.  
Мен – тал шыбық, сен – ормансың қорғаным,  
Көкке бойлап өсу менің арманым.

Өзің барда қуаныш та, бақ та бар  
Мен гүл болсам, сен – құнарым нәр алар.  
Мендегі бар ізгіліктің ұшқыны  
Әке, сенің тұнығыңнан басталар.

**Қуанамын қазақ болғаным**

Қандай бақыт қазақ болып туылған,  
Біздің тән күн мен нұрдан жаралған.  
Кең далаң, туған елің - бір арман,  
Бар болғанына әрдайым сен мақтан.

Таңқаларлық шарықтап ұшқаны,  
Көк аспанның тәуелсіз қыраны.  
Қашан да ашық болсын аспаны,  
Күш-қуатқа болсын толы қанаты.

Жүректе бар нағыз қазақ лүпілі,  
Есте қалды найзалардың дүрсілі.  
Өткізіпсің басыңнан қиындықты,  
Қазақ елім әрдайым болшы мықты.

**Дайындаған** баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының аға оқытушысы, п.ф.к. **Ж.Ә.НОҒАЙБАЕВА**

**Толғау**

Он сегізге келдім деп,  
Басымды тіктім бәйгеге.  
Ие болғай жүлдеге!  
Тамырымда таза қан,  
Қазағымның қаны бар,  
Біздер үшін маңызды ар.  
Үш жүздің ішінен,  
Тараппын мен кішіден,  
Он екі ата Байұлы,  
Беріштің мен ұрпағы.  
Салдым ұран «ағатай»,  
Жауға шаптым шаршамай.  
Әкеміз біздің – Мұхтар,  
Бәйгеге қосқан тұлпар.  
Алтыннан алған келінің,  
Ұрпағы ол Шакеннің,  
Әкесі оның – Наурызбай,  
Кетпеген із қалдырмай,  
Орданың бопты жұлдызы,  
Аспанда жанған жарқырай.

**Арман**

Ұшқым келді, ұшқым келді аспанға!  
Айтындаршы, армансыз құс бола ма?  
Жан-тәніңмен берілесің қиялға.  
Сол қиял мәңгі арман боп қала ма?

Жерге түсіп, көкке ұшып қуандың,  
Сол арманды бір көзіңмен көре алдың.  
Шарықтадың, қиялменен самғадың,  
Шіркін, бәрі де бес минуттық арманың.

Әрбір құс көкке ұшуды армандайды,  
Бәрі де жете алмайды сол арманға.  
Қиылды қанат, ол енді қағылмайды,  
Бейшараның күші жоқ шарықтауға.

Қиялменен өмір сүру қандай қиын,  
Сезінесің өмірдің кетпес дертін.  
Кім білсін, дерттің айығар-айықпасын,  
Қайдан алсам, жарық нұр күш беретін?

**Қазақ**

**жастарына арнау**


Ей, қазақтың баласы,  
Қайда кетіп барасың?!  
Қалдырмап пе еді бабасы,  
Әр балаға шаруасын?!

Ей, қазақтың баласы,  
Көзіңді ашып қарашы.  
Қайсының бар мол санасы,  
Айтқан сөзді тыңдашы!

Күтіп тұр ғой қазақты,  
Жайлаған кең даласы!  
Ел ұмытпаған атақты,  
Биік таулар жотасы!

Парызы ғой жастрадың,  
Қазақ атын жаңғырту.  
Мақтанышы ел-жұрттың  
Қадалған әр биік ту!

**АҚЖОЛҒА АРНАУ**



Аунаған айлар, айғақ үндедің,  
Басыла шөкті-ау, байрағым менің.  
Балғын боздағын, ботадай боздап,  
Қимайды қайсар қайран ұлды елім.

Тағдырдың жасты жазбағаны бұл,  
Өмірдің қалап озбағанын ұл,  
Артында қалған сайраған іздер  
Ақжолтай – арман, аз ғана ғұмыр.

Сезіммен ендің сенімге бірдей,  
Күлімдеуші едің төрімде Күндей...  
Жылауық жанар, Нәзік Алматы,  
Көз жасы-жаңбыр, егілген үндей.

Бейуақта ажал барымта қаққан,  
Құрулы екен ғой, жаныңда қақпан...  
Рахымды АЛЛАХ мейірге бөлеп,  
Нұрың шалқысын, жаның жәннаттан!

Сымбат КАРЛ

Орынбасар БАҚЫТБЕКОВ

■ ЖАСЫН

**АҚЖОЛТАЙ – АРМАН, АЗ ҒАНА ҒҰМЫР**

**«Өмір дегенге тірлікте, сірә, жетер ме ой, Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой. Бекер ғой бәрі, бекер ғой бәрі, бөтен ғой – Өмір дегенің – бір сәттік сәуле екен ғой», – деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай фәни дүниедегі барша пенде бір сәттік қонақ қана. Жас талғамай біреуге ерте, біреуге кеш келетін ажал арамыздан тағы бір қимас бауырды алып кетті. Алматы қаласының тумасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 3-курс студенті, жас журналист Ешмат Ақжол Алешұлы наурыз айының 1 күні жол көлік апатынан көз жұмған болатын.**

Ақжолды еске алу мақсатында сәуір айының 30-ы күні журналистика факультетінде «ЕШМАТ АҚЖОЛ» атындағы жүлде үшін студенттік шығармашылық еске алу кеші өтті. Кештің шымылдығын факультет деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, ф.ғ.к., Әйгерім Болатханқызы ашты. Келесі сөз кезегін алған профессор М.Барманқұлов атындағы «Телезертхана» үйірмесінің жетекшісі: ф.ғ.к., Жидегүл Әбдіжәділқызы: "Ақжол шын мәнінде аты айтып тұрғандай жүрегі де ақ, тілегі де ақ, жолы да ақ шәкірттеріміздің бірі еді", -деп өз сөзін бастап, ендігі жерде саналы адамның қолынан келері тек қана есте сақтап қалу мен аяқталмаған шаруаларын жалғастыру ғана екендігін баса айтты.

Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының қолдауымен, профессор М.Барманқұлов атындағы «Телезертхана» үйірмесі ұйымдастырған «ЕШМАТ АҚЖОЛ» атындағы студенттік шығармашылық жүлдеге қатысқан жұмыстар "Ең үздік естелік", "Экрандағы өмір шындығы",

"Қас-қағым сәт" номинациялары бойынша іріктеліп, нәтижесінде: «Ең үздік естелік» номинациясы бойынша Мәулен Анербаев, Орынбасар Бақытбеков, Дарын Шөкенов, Мейірім Ердәулет, «Экрандағы өмір шындығы» номинациясы бойынша Ақтолқын Жұмағалы, «Қас - қағым сәт» номинациясы бойынша Сымбат Карл сынды бірқатар студенттер жүлдеге ілікті.

Университет қабырғасында жүріп-ақ журналистикаға араласып үлгерген Ақжол, тележурналистика саласын жан-тәнімен сүйіп, асқақ армандары мен биік мақсаттарын жүзеге асырып үлгере алмай арамыздан кетті. Кеш барысында Ешмат Ақжолдың артына қалдырған «Шегіртке мен құмырсқа» мультфильмі, 31 телеарнаның «Информбюро» ақпараттық бағдарламасында штаттан тыс журналистік қызмет атқарып жүрген кезіндегі сюжеттері көрермен назарына ұсынылды.

Бұл кешке Ақжолдың сыныптастары, группаластары, достары, ұстаздарымен қатар туған-туыстары келіп атсалысты. Кеш соңына таяғанда сөз кезегін алып,

Ақжолдың атасы мен әпкесі Айгүл Ақжолтай туралы өз естеліктерімен бөлісті. Сонымен қатар, факультет деканы, ф.ғ.д., профессор, Өмірхан Әбдиманұлына, деканның ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі орынбасары, ф.ғ.к., Қарлыға Нақысбекқызына, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі, с.ғ.д., профессор Гүлмира Сұлтанбаеваға, профессор М.Барманқұлов атындағы «Телезертхана» үйірмесінің жетекшісі, ф.ғ.к., доцент Жидегүл Әбдіжәділқызына алғыстарын білдірді.

Кешті баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Сағатбек Медеубекұлы қортындылап, «ЕШМАТ АҚЖОЛ» атындағы студенттік шығармашылық жүлдені иеленген студенттерді марапаттады. Болашағынан мол үміт күттірген Ақжолдың алар асуы да, көтерілер биігі де алда еді. Жанымызда жоқ болғанымен, Ақжол Алешұлының еркелігі мен өзіне ғана тән ерекше мінезі, адал достығы, адамгершілік қасиеті мен ақжарқын бейнесі, қамқор көңілі мен кішіпейіл болмысы біздің жүрегімізден ешуақытта өшпесі ақиқат. Оның журналистикада қалдырып үлгерген қолтаңбасының ұмыт болмасы да анық. Ақжолмен өткен әрбір күн естелікке айналып, ұмытылмас шақтардың үзгі болып қалғаны ғана өкінішті...

## САПАСЫЗ ӨНІМНЕН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Газеттің бүгінгі басылымында тұрғындарға тұтынушы ретінде, сапасыз тағам өнімдерінен сақтану жолдарын түсіндіргелі отырмыз. Тұтынушы әр кезде өзінің тұтынушылық білімін арттырып отырғаны жөн. Ол дегеніңіз, астан уланудың алдын алу шараларының бірі. Бүгінгі мақаламызда консервілер туралы мағлұматты тұтынушы назарына ұсынамыз.

Консервілер мен қаптама (ыдыс) – тамақ өнімдерін зақымдалудан, бүлінуден және шығындалудан қорғауды қамтамасыз ететін құрал немесе құралдар кешені.

Қала тұрғындары қалада сатылатын консервілер мен қаптама (ыдыс) – тамақ өнімдерін зақымдалудан, бүлінуден және шығындалудан қорғауды қамтамасыз ететін құрал немесе құралдар кешені; қаптамалау (өлшеп-орау, сұйық өнімдерді құю) күні – тамақ өнімдерінің қаптамалау (ыдысқа) салынған күні; яғни қапталған қорапшалардағылардың сапасына қанағаттанбай, Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің Алматы қаласы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жиі шағымданады.

Сондықтан сапасыз өнімдер мен фальсифицирленген, контрафактіленген өнімдерді сатып алмау үшін тұтынушыларға мына төмендегі ұсыныстарға көңіл бөлу қажеттігін еске саламыз.

Консервіні сатып алғанда банкіні мұқият қарау қажет. Банкінің қақпағы дат басылмаған, көтерілмеген, ешқандай ақаусыз болуы тиіс. Қақпақтың төңірегін де қараған жөн.

Консервілер мен қапталған қорапшалардағыларға арналған келесі шектеулер:

- банкілердің қақпақтары көтерілмеген;
- тесілмеген, «өрнектелген», датталған, қақпақтарының шеттері мыжылған болмауы, (қақпағын аша бастағанда дыбыс шығармау), толық бітелген болуы қажет;

Банкінің сырты литографиялық жолмен рәсімделген, этикет қағаз жапсырылған.

Этикет қағазға таңба басылған, ондағы жазбалар:

- ұйымның атауы, шығарған кәсіпорын атауы;

- шығарған кәсіпорын атауы мен мекенжайы;

- кәсіпорынның тауарлық белгісі;

- азық-түлік атауы, сорты, салмағы;

- (ГОСТ, СТ РК, техникалық жағдайы) өнімдерді дайындаушылардың нормативтік құжаттары;

- әрекет етуші нормативтік құжаттарында қарастырылған кейбір өнімдерге қосымша мәтіндер жазылған этикет жапсырылған;

- сақтау мерзімі, қолдану тәсілі;

- құрамы;

- сақтау мерзімінің талаптарын ұстануға қолайлы ерекше өнімдер үшін жарамдылық мерзімі көрсетіледі.

Мысалы: мұхит балығының пресерлері үшін этикетінде: «Азық-түлік ұзақ мерзімге сақталмайды» деп көрсетілуі қажет. Өнімдер 0-ден -8\*С температурада сақталады. Құрамында желесі барлар 0\*С төмен емес температурада салқын жерде сақталады. Бекіре балығының уылдырығынан жасалған банкілер 2-4\*С-дан кем емес температурада сақталады.

Банкілердің қақпақтарының үш қатары алты белгі соғылған келесі әдіспен

таңбалаңады:

Бірінші қатар. Өнімнің дайындалған мерзімі (күні, айы, жылы). Сан екі таңбалы (тоғызға дейін алдына 0 қойылады). Жылы – соңы екі немесе бір цифрды жазылады.

Екінші қатар. Ассортиментті белгі – бірден үшке дейін (цифра немесе әріптер). Зауыттың нөмірі – бірден үшке дейін (цифра немесе әріптер).

Үшінші қатар. Ауысым – 1 таңба белгісі. Балық кәсіпорының индексі-«Б» әріпі.

Шыны ыдысы шымыр болуы қажет. Пресерленген банкілердің қақпақтарының асты резеңкелі, сыртындағы этикеті таңбалаңа, жезден, темірден жасалған ыдыстардың сырты да осылайша таңбалаңады.

Дайындалған мерзімі (айы, жылы) бір қатарда жазылады, айы – екі цифрдан тұрады (тоғызға дейін алдына 0 қойылады). Жылы – соңғы цифрды қойылады.

Полимерлі ыдыстағы өнімдер де тығыз жабылған, ақпайтын болуы қажет. Полиэтиленденген банкілердің қақпақтары мен сыртына өнімдердің атауы, реквизиттері жазылады. Жазбалар анық көрінуі тиіс. Банкілердің астыңғы жағында: зауыттың тауарлық белгісі-полимерлік банкіден дайындалған, полиэтилен таңбасы, шығарылған мерзімі-тоқсан мен жылы көрсетілуі тиіс.

Өнімнің дайындалған күні этикетте көрсетіледі.

Консерві салқын жерде 0 С-ден төмен емес және +15 С-тен жоғары емес, ауа ылғалдылығы 75 пайыздан аспайтын температурада сақталады. Консервінің сақталуы мен сатылуы, таратылуы 3 жылдан аспауы қажет.

Пресервтер 0-ден минус 10 градуста, ал 1 сәуірден 30 қыркүйекке дейін -5 градустан жоғары температурада 6 айдан аспайтын мерзімде сақталады.

Қауіпті тамақ өнімдері – қауіпсіздік талаптарына, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарына және/немесе тамақ өнімдеріне қойылатын гигиеналық нормативтерге сай келмейтін тамақ өнімдері, сондай-ақ жарамдылық мерзімдері өтіп кеткен және сақтау режимдері бұзылған немесе санитариялық-эпидемиологиялық және/немесе ветеринариялық-санитариялық тұрғыда азық-түлік (тамақ) шикізаты қауіпсіз болмаған жағдайда өндірілген, пайдаланылуы кезінде адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін жол берілмейтін қатер төндіруі мүмкін өнімдер.

Құрметті тұтынушы қауым! Дендеріңізге саулық тілеймін!

**Ф. ТОҚМОЛДИНОВ,**

ҚРТҚК Агенттігінің Алматы қаласы ТҚҚ департаменті Бостандық аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы басшысының міндетін атқарушы

## ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ, БОЛАШАҚТЫ ҚОРҒАЙЫҚ!

Медеу шатқалында 2011 жылдың мамыр айының 27 жұлдызында болған дауылдың әсерінен, көптеген әсем табиғатымыз әрін жоғалтқан болатын. Іле Алатауы табиғи паркінің Мохнатка тауындағы және Медеу шатқалындағы ірі өрттен кейін экожүйені қалпына келтіру бойынша көптеген іс-шаралар қолға алынып, жүзеге асуда. Алматы қаласының тұрғындары, қоғамдық ұйымдар мен студенттер де өз үлесін қосу мақсатында, Медеу шатқалының табиғатын қалпына келтіруге бағытталған бірқатар акцияларға белсене қатысып жүр. Соның бірі, жақында өткен «Өз ағашыңды отырғыз және табиғатты сақтауға көмектес» атты акцияға география және табиғатты пайдалану факультеті рекреациялық география және туризм кафедрасының 30-дан астам студенттері белсене атсалысты. Шолпан Абдеева мен Жаннат Алиеваның жетекшілігімен студенттер Тянь-Шань шыршасының санын қалпына келтіру бойынша, көшеттер отырғызды. Студенттер таңнан түске дейін «Табиғатты аялайық, болашақты қорғайық!» ұранымен 300-ден астам шырша отырғызды. «Қазақстан» Ұлттық телеарнасы «Таңшолпан» бағдарламасының тілшілері студенттердің қызу жұмыс барысында сұхбат алып үлгерді. Сұхбат берушілер 1-курс студенттері Тоғжан Кемелбек пен Әуелбек Сарыбаев. Әуелбек шыршаны қуана-қуана отырғызып жатқанын және ол сүйікті ісі екенін айтса, Тоғжан студенттердің табиғатты қорғау үшін көмектерін аямайтынын айтты. Қатысқан студенттер акцияда тек сол күні отырғызып қана қоймай, шыршаның күтіміне жауапты. Акция соңында Іле Алатау табиғи паркінің ұйымдастыруымен түскі ас таратылып, белсенді қатысқан университеттер мен ұйымдарды марапаттады. Студенттер, «Өз ағашыңды отырғыз және табиғатты сақтауға көмектес» акциясына қатысқандары үшін өте қуанышты болды.

**Тоғжан КЕМЕЛБЕК,**  
рекреациялық география және туризм кафедрасы  
1-курс студенті

## БІЗ ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМҮШІН!!!

Философия және саясаттану факультеті «Грин кампус» жобасын аясында «Біз қалдықсыз әлем үшін» атты акция өткізді. Философия және саясаттану кафедраларының мұрындық болуымен өткен акция барысында студенттер факультеттегі әкімшілік пен кафедралардағы макулатураларды жинап, бас корпусқа «жасыл жәшікке» апарып өткізді. Шараны өткізудегі басты мақсат – студенттердің экологиялық санасын тәрбиелеу, яғни, ҚазҰУ қалашығының іші мен сыртын көгалдандыру мен тазалығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

«Грин кампус» негізінде университетімізде түрлі іс-шаралар атқарылуда. Яғни, университеттегі кеңселерден шыққан түрлі қағаз қалдықтарын далаға тастамай, қайта өңдеуге жіберу мақсатында ҚазҰУ қалашығында бірнеше жасыл жәшіктер орнатылған болатын. Қалдық пен планетамыздағы табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалану проблемалары өзекті болып отырған кезде, макулатураны қолдану қоршаған ортаны қорғауда тиімді әдістердің бірі болып табылады. Себебі, макулатураны кемінде 5-7 рет өңдеуден өткізуге болады. Ал бір тонна макулатура 4 куб метр ағашты немесе 100 кг макулатура 1 ағашты кесуден құтқарады, яғни, ормандарды жөнсіз кесуден құтқара аламыз.

**Динара АҚБОЛАТ,** саясаттану кафедрасының аға әдвайзері,  
**Жанбота ДАҒЖАН,** философия кафедрасының аға әдвайзері

## ТӘЖІРИБЕЛІ ТҮЛҒАДАН ТӘЛІМ АЛДЫҚ



Біздегі қалыптасқан сана бойынша телевизия оның ішінде ток-шоу жүргізушілері жалындаған жас болуы қажет. Алайда осы қалыптасқан қағиданың барлығын бұзып, еліміздегі ең үздік ток-шоулардың біріне айналған «Айтуға оңай» бағдарламасын екі жыл мерзімде үздіксіз жүргізіп келе жатқан Бейсен Құранбекке таңдана қараймыз. Оның журналист ретінде жүріп өткен өмір жолымен, тәжірибесін бөліскенінде қалаймыз. Аптаның басында осы көптен бергі бір ойымыз іске асты. Журналистика факультетінде «Шетел журналистикасы» пәнінің оқытушысы Қарлыға Мысаеваның ұйымдастыруымен танымал журналист Бейсен Құранбек бізге кездесуге келді.

Сұхбаттасудағы еркіндік арқасында студенттер өздерін мазалайтын қоғамдағы өзекті мәселелермен болашақ мамандықтарына қатысты сұрақтарды қойды. Бейсен аға өз кезегінде телеарна басшысы ретінде, телебағдарламалар жүргізушісі ретінде, жалпы журналист ретінде қалыптасудағы өзінің өмірлік тәжірибесін мысалға ала отырып, сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар жас журналистердің болашақта ұстануға

тиіс бағыттары мен жолдарын ашып көрсетті. Осы сабақтан алған ең үлкен әсер ретінде Бейсен ағаның: «Журналист ең басты міндеті халыққа қызмет ету. Себебі ол – халықтың қызметшісі, қара жұмысшы», - деген сөздерін атай кету керек.

Болашақ жолымызды таңдауға үлкен көмегі тиетін осындай кездесулердің жиі болғанын қалаймыз. Ол үшін үлкен мотивация беріп, креативті ойларымен бөлісетін, қоғамдағы біз түзеуге тиісті келеңсіздіктерге бағыттап, жол сілтейтін практик журналистеріміздің, осындай мол тәжірибе алуға мүмкіндік беретін ұстаздарымыздың көп болғаны абзал. Бұл жарты жылдықта білімімізді молайту үшін шетелдермен, өз еліміздегі мықты мамандармен тренингтер өткізуге, сұхбат құруға үлкен септігін тигізген «Шетел журналистикасы» пәнінің оқытушысы Қарлыға апайымызға айтар алғысымыз шексіз. Ендігі міндет сенімді ақтап, тәжірибені іс жүзінде қолдану.

**Ақниет ТӨЛЕНДІ,**  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті

## ҮНЕМДІЛІК - ЫРЫС, ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ - ШЫҒЫС

Жақында «Green Campus» жобасы аясында механика-математика факультетінің Ақпараттық жүйелер кафедрасында «Үнемділік-ырыс, ысырапшылдық-шығыс» тақырыбында жиын өтті. Мұнда кафедра доценті С.З. Сапакова елімізде болып жатқан су тапшылығы, лайланған ашық ауыз су көздерін, өзен-көл, арық, құдық суларын пайдаланудан жыл сайын жұқпалы аурулар, сүзек, сары ауру, тырысқақ пен ішек, асқазан аурулары өршіп бара жатқанын айтты. Сүмен қатар жарық көзінің ысыраппен қолданғанда келтіретін шығынға да тоқталып кетті. Ал 3-курс студенті Бекарыс Өрлен: «Қалалықтар крандағы суды сарылдатып ағызып қойып жуынатынымыз өтерік емес. Керек емес кезінде тыю деген жоқ. Жарықты жағып жүре береміз. Ысырапшылдық жақсы емес. Ол туралы Құранда да айтылған, ысыраптың жамандығын білдіру үшін Аллаһу та'ала былай бұйырған: «Жеңдер, ішіндер бірақ ысырап етпеңдер! Аллаһу та'ала ысырап еткендерді әлбетте жақсы көрмейді», - деп сөз сабақтап, үйде, ҚазҰУ қалашығында суды, жарық көзін үнемдеуге үндеп, жастарды үнемшілдікке шақырды.

**А.М. КОЖАНОВА,**

ақпараттық жүйелер кафедрасының аға оқытушысы

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай: [kazuniver-gazeti@mail.ru](mailto:kazuniver-gazeti@mail.ru)

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Гамма-принт" баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 572

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.